

АРЫСТАНДАЙ АЙБАРЛЫ БОЛҒАН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ**Азада Махаммадкәрім қызы Абдуғафурова**

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Қазақ тілі және әдебиеті

бағытының 2-курс студенті

Azadaabdugafurova2@gmail.comҒылыми жетекші: **Ж.А.Байзақов****АННОТАЦИЯ**

Ақын Мағжан Жұмабаев қазақ халқын бойына дарытып өлеңдерін сөз маржанындай терген кемеңгер жырау. Мағжан ақын "Алаш" партиясының озат мүшесі. Ақынның өлеңдері баға жетпес байлық.

Кілімті сөздер: Дарынды тұлға, философ ақын, партия мүшесі, қазақтың қайратты ұлы, қазақтың деп қазақты оятқан жан.

ANNOTATION

Poet Magzhan Zhumabayev is a talented poet, who wrote his poems like pearls of words, educating the Kazakh people. Magzhan is an outstanding member of the "Alash" party. Poet's poems are a priceless treasure.

Key words: A talented person, a philosopher, a poet, a party member, a brave son of Kazakhs, a person who awakened Kazakhs to the fact that they are Kazakhs.

Қазағымда ақын көп қой туылған

Туылғаннан жыр жазуға бұрылған.

Шәкәрім мен Абайлардай алыптың,

Ізін қуған ақынның бірі Мағжан!

Мағжан Жұмабаев Бекенұлы — 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Ол Арғын тайпасының Атығай руының Құдайберді тармағынан шыққан. Атасы Жұмабай қажы, әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті болған. Анамының есімі — Гүлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып 1905—1910 жылдары Қызылжардағы мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М. Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе ақын Фирдауси, Сағди, Хафиз, Омар хайям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып, талқылады.

1910—1913 жылдары Уфа қаласындағы "Ғалия" медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Ғ. Ибрагимовтен дәріс алып, белгім қайраткер С. Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Б. Майлинмен танысады. Ақын 1918—1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. Мағжан ақын "Алаш" партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі. 1918—1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. Ол кездерінде-ақ:

*Сорлықазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, барлық ісі кер кетіп
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп,
Оқу-білім жақындатпай, жолатпай
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай.*

—деп бастапқы өзінің ой пікірлеріндегі ұйқасты әуенін сонау "Сорлықазақ" атты өлеңіне төгіп салды. Сол соғыс дәуірінің келеңсіз сәттерін, қаншама жастардың оқу-білімге деген құштарлығы сөнуі, бұған дәлел.

1924 жылы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Мағжанның 1922 жылы Қазанда 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды.

Ақынның "Күншығыс", "Жарыма", "Қазағым", "Жаралы жан", "Мен жастарға сенемін", "Туған жерім—Сасықкөл" секілді тырнақалды өлеңдерін "Шолпан" жинағында бастырып шығарады.

Ақынның философиялық көзқарасы өз өлеңдерінде жақсылық пен жамандық, әділет пен әділетсіздік тәрізді қарама-қаршылықты философиялық ұғымдарды шебер шендестіре білуінен байқалады. Ол дүниені біртұтас құбылыс ретінде алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде суреттейді. Табиғатсыз, жаратылыссыз адам жоқ. Ал табиғат адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана оған бағынбайды. Сондықтан ол бұлқынады, серпінеді, үстем болғысы келеді.

Мағжанның әйгілі өлеңдерінің бірі "мен жастарға сенемін" деп аталатын.

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін !*

Кеңестік жүйенің құғын _ сүргінінің құрбаны болған мағжан есімін ақтау ісі 1958 жылы қолға алынды. Осы жылы ресми комиссия құрылып ақынның таңдамалы лирикаларын жариялау жөнінде ұйғарым жасалады. Бірақ одан нәтиже шықпай, мағжан шығармалары басылмай қалды.

Қорыта келе, Мағжан Жұмабаев репринциға душар болып, түрлі ауыртпалықтардың зардабын шегіп, өмірдің оған сыйға тартқан қанды соғыстарына тайсалмаған, бірақ та көп өтпелі ақын қараланған қағазы ақталып, өлеңдері өңделді. Бірақта ұлы дарын иесі ақын өлеңдерінде мәңгі қалмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы 2005
2. Абай Энциклопедиялық "Атамұра" Алматы 2005
3. Отырар. Энциклопедиялық _ Алматы "Арыс" 2005